

# ӨЛЕҢ - СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Сөзі: А.Құнанбаев

Әні: Е.Хасанғалиев

*Andante, con anima*

Ө - лең - сөз - дің пат - ша - сы, сөз са - ра - сы,  
5 қи - ы - ны - нан қиыс - ты - рар ер да - на - сы. Тіл - ге же - ңіл,  
10 жү - рек - ке жы - лы ти - іп, *f* *mf* ке - ліс - ті - рер қа - зақ - тың  
15 қай ба - ла - сы. *f* Бө тен сөз - бен был - ған -  
20 са сөз а - ра - сы, Бұл а - қын - ның бі - лім - сіз би - ша - ра -  
25 сы. *mp* *dolce* Бө - тен сөз - бен был - ған - са сөз а - ра -  
30 сы, бұл а - қын - ның бі - лім - сіз би - ша - ра - сы.

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Жұмыр келсін теп-тегіс айналасы.

**Қайырмасы:**

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол - акынның білімсіз бейшарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Сөз танымас бұл жұрттың бір парасы.

Өлеңге әркімнің-ақ, бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Келістірер қазақтың қай баласы?